

2012 жылға арналған "Жастар іс-тәжірибесін" ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 67 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 мамырда № 11-4-132 тіркелді. Күші жойылды - Қарақия аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 129 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарақия аудандық әкімдігінің 2012.06.15 № 129 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-7 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген «Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына» сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылға арналған жұмыссыз жастарға «Жастар іс-тәжірибесі» ұйымдастырылсын .

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, «Жастар іс-тәжірибесін» ұйымдастырылатын мекемелердің тізбесі бекітілсін.

3. Уәкілетті орган «Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмыс берушілермен жастар іс-тәжірибесін өткізуге жұмыс орындарын қалыптастыру бойынша шарттар ж а с а с ы н .

4. Келісім-шартқа отырған мекемелер мен ұйымдардың басшылары, уәкілетті орган арқылы «Жастар іс-тәжірибесіне» жолданғандарды жұмыспен қамтамасыз е т с і н .

5. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Т.Тәжібаевқа жүктелсін .

6. Қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Дауылбаев

КЕЛІСІЛДІ:

«Қарақия аудандық экономика
және қаржы бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
Ә . Ә б д і х а л ы қ о в а

12 сәуір 2012 жыл

«Қарақия аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Қ . Е . Р ы с б а е в

12 сәуір 2012 жыл

Қарақия ауданының әкімдігінің
2012 жылғы 12 сәуір
№ 67 қаулысына
қосымша

**«Жастар іс-тәжірибесін» ұйымдастыратын
мекемелердің тізбесі**

№	«Жастар іс-тәжірибесін» ұйымдастыратын мекемелердің тізбесі	Ұйымдастырылатын «Жастар іс тәжірибесінің» саны	Кәсіптердің (лауазым-дар) атауы.	Бір адам-ға (төле-нетін еңбекақы мөлшері тең- ге	Жас-тар іс тәжірибесі - нің ай бой-ынша ұзақтығы	Қаржыландыру көздері
1	«Құрық селосының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	Есепші, экономист, қаржыгер, заңгер, бағдарламашы, іс-жүргізуші	26000	6 ай	Жергі-лікті бюджет
2	«Жетібай кентінің әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Есепші, экономист, қаржыгер, заңгер, бағдарламашы, іс-жүргізуші	26000	6 ай	Жергі-лікті бюджет
3	«Мұнайшы кентінің әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	10	Есепші, экономист, қаржыгер, заңгер, бағдарламашы, іс-жүргізуші	26000	6 ай	Жергі-лікті бюджет
4	«Сенек селолық әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	5	Есепші, экономист, қаржыгер, заңгер, бағдарламашы, іс-жүргізуші	26000	6 ай	Жергі-лікті бюджет
5	«Бостан селолық әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	5	Есепші, экономист, қаржыгер, заңгер, бағдарламашы, іс-жүргізуші	26000	6 ай	Жергі-лікті бюджет

6	«Құланды селолық әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі	5	Есепші, экономист, қаржыгер, заңгер, бағдарламашы, іс-жүргізуші	26000	6 ай	Жергі-лікті бюджет
Аудан бойынша		60				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК